

Алиментарлық
дистрофия
Алиментарлық
маразм
Квашиоркор


- Тағам заттары жетіспеушілігімен белгіленген алиментарлы аурулардың ішінде практикалық маңызыдысы болып ақуыз-энергетикалық жетіспеушілік табылады





- Ақуыз-калорийлік жетіспеушілік көбінесе 2 жасар балаларды зақымдайды, ал 4 жастан және одан әрі аз зақымдайды. Ақуыз-калорийлік жетіспеушілік әсері кейін үлкен жаста да сақталады. Бұзылған функцияның қалпына келуі жай және толығымен келмейді. Ал бойы мен психикалық дамуы ұзақ жылдарға қалып қояды. Жас өспірімдік шақтан өткен соң ауру симптомдары өзгереді

- Ақуыз-энергетикалық жетіспеушілікке алиментарлы дистрофия, квашиоркор және алиментарлы маразм (квашиоркорде ақуыз жетіспеушілігі басым болса, алиментарлы маразмде энергия басым болады) жатады.



Алиментарная дистрофия



- ◎ **АЛИМЕНТАРЛЫ ДИСТРОФИЯ** – жалпы жүдеумен, барлық зт алмасу бұзылуымен, тіндер мен органдардың функциясының бұызлуымен және дистрофиясымен көрінетін ұзақ тамақтану жетіспеушілік ауруы.

- Алиментарлы дистофияның 3 сатысын ажыратады.
- I сатыда тамақтанудың төмендеуімен, поллакуриямен, аппетиттің жоғарылауымен, шөлдеу, ас тұзын қабылдауының жоғарылауымен көрінеді. Науқастың жалпы жағдай тез нашарламайды.
- II сатыда анық арықтаумен қатар науқастың жалпы жағдайы нашарлайды, бұлшықет әлсіздігі, жұмысқа қабылеттілігі төмендейді, аяқта ісіну көрінісі болады, дененің біркелкі гипотермиясы көрінеді. Жоғары аппетит және шөл, поли- және поллакурия, әр-түрлі органдарда бастапқы дистрофиялық өзгерістер, психика өзгерістері көрінеді.

- III астыға кахексия, тері асты май қабатының толық жойылуы, бұлшықет атрофиясы, өткір әлсіздік (өзіндік қозғала алмайтын дәрежеге дейін), апатия, психиканың айқын өзгерісі, парестезиялар, полигиповитаминоз, жүрек, бүйрек жетіспеушілік көріністері, анемия, жиі ұзақ жатқаннан ойылулар. Кейіннен айқын гипотермия (дене температурасы кей жағдайларда 30°C түсіп кетеді), гипотензия, ацидоз; көп жағдайда аштық кома немесе кенеттен өлім болады.

«*Квашиоркор*» емшектен шығарылған бала" немесе басқа түсінікте - "қызыл бала" деген мағынада. Ауру ерте балалық кезеңде және емшектен шығарғаннан кейін 5 жасқа дейін байқалады.



- Ауруға ұйқышылдық, селқостық немесе қозғыштық, өсуі мен дамуының баяулауы, салмағының азаюы, терісі мен шашының түсі өзгеруі, беті, аяғы, шабы қызғылтым тартуы, депигментация, шашының ағаруы, ет тінінің атрофиясы, диспепсиялық құбылыс және тұрақты түрде іш өтуі, алдымен ішкі мүшелерінің ісуі және кейінірек - беті мен аяқ- қолының ісуі, бауырының үлкеюі, атторексия тән. Ауыр жағдайларда ақыл-есі ауытқиды, жұқпалы және паразиттік аурулар қосылады.



- ◎ *Алиментарлы маразм* – бұшықет атрофиясымен, тері асты май қабатының болмауымен және дене салмағының өте төмен болуымен көрініс алатын жағдай. Осының бәрі ұзақ уақыт бойы аз калориялы тамақ қабылдау есебінен, сондай-ақ тамақта ақуыз және пайдалы заттардың болмауынан пайда болады.



- Әбден жүдеу, терісі әжімденеді, жеңіл қатпарланады. Іші созылып немесе кеуіп тұрады, ішектің нұсқасы (жобасы) байқалады. Негізгі алмасуы төмендейді, дененің температурасы төмендеу болады, жиірек іш қатады, кейде аштықтан диарея болуы да мүмкін.



- **Алдын алу.**
Алдын алу негізі болып дұрыс рационалды тамақтану, әртүрлі азық-түліктерді, дәрумендерді қолдану болып табылады.



ПЕРЕКУС



ОБЕД



ЗАВТРАК



УЖИН



ПЕРЕКУС





- Квашиоркорды алдын алу жас шақтағы балалардың рационалды тамақтануы (бірінші жылы табиғи тамақтандыру, уақытылы және дұрыс тамақтануды жүргізу, рационда сүт тағамдарын санының көп болуы). Принциптік маңызды болып уақытылы және адекватты ақуыз жетіспеушілігіне алып келетін аурудың жазылуы болып табылады.

